**Автор**: Утеубаева Гульжат Майлыбаевна
**Пән**: Әдебиеттік оқу
**Сынып**: 3-сынып
**Бөлім**: Жанды табиғат
**Тақырып**: Киіктің айласы

---

| | |
|---|---|
| Күтілетін нәтиже: | Барлық оқушылар: шығарманы іштей саналы түрде түсініп оқиды. Көптеген оқушылар: шығармадан қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, оқи алады. Кейбір оқушылар: шығарманың мазмұнына байланысты проблемалық сұрақтар қоя алады |
| Бағалау критерийлері: | шығарманы іштей саналы түрде түсінеді, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алады, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалай оқиды |
| Құндылықтарды дарыту: | Бақылау, бағалау |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интербелсенді тақта, слайд |
| Пәнаралық байланыс: | Дүниетану. Музыка |
| Бастапқы білім: | М. Байғұт. «Алмастың ағашы |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | Қызығушылықты ояту. Сыныпты қалыпқа келтіру. Ойсергек: «Өзі туралы кластер» тренинг. Оқушылар танысу үшін өздері туралы кластер құрастыруы керек. Олар парақтың ортасындағы шеңберге өз есімдерін жазып, одан таралатын шеңберлерге өздерінің өмірінде маңызы бар бес негізгі рөлін жазады. Мысалы: Отбасының еркесі, адал дос т.б. «Балмұздақ таяқшалары» әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. | |

| Сабаққезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | Ойқозғау. «Ақсақ киік» күйін тыңдату. Сол арқылы сабақтың тақырыбын ашу. Мақсатын анықтау. Бағалау критерийімен таныстыру. Мағынаны ажырату. 1-тапсырма. Өлеңді түсініп оқы. «Ақсақ киік» 2-тапсырма. Оқылатын шығармада қандай оқиға туралы айтылатынын болжап, өз ойыңды дәлелде. 3-тапсырма. «Джигсо» әдісі арқылы оқу. Мәтінді түсініп оқы. «Киіктің айласы» 4-тапсырма. Оқулықта берілген мәліметті пайдалана отырып, мәтіннің авторы туралы әңгімеле. Жұптық жұмыс. 5-тапсырма. Суретті пайдаланып, мәтінді әңгімеле. Сергіту сәті. «333 жаттығуы»Топтық жұмыс. ҚБ ретінде: дәптердегі 1-тапсырма. Мәтіндерді оқып,қажетті шартты белгілерді қойып шық. Шартты белгілер: Киік туралыайтылған сөйлемнің тұсына – Табиғат, тіршілік туралы айтылған сөйлемге– Киік сөзіне балама сөздері барсөйлем – = Өзің түсінбеген сөзі барсөйлем–? Саған ұнаған сөйлем – <br>Ақсақ киік Арқаның Бетпақ дегендаласыбар, Бетпақ-шөл, ойлы-қырлыпанасыбар. Сол шөлде ел жоқ, күнжоқөсіп-өнген Жәндіктің киік деген баласыбар. Сәкен Сейфуллин Киіктің айласы « ...Қасқырлар ауыздарын арандай ашып, киіктерге тап берісті. Ал бір ақсақ теке олардан дараланып, судың шығыс жағына қарай бөліне қашты. Көп киіктің алыстап кеткенін көрген қасқырлар«бұйырғаны осы болды» дегендей, тұс-тұсынан текеге лапқойды. Таяқ сілтем жерде ғана кетіпбарады. Қасқырлар баяуласа, теке оларға қарап тұра қалады. Аш бөрілерсалпақтаптағықуады. Бір уақытта әлгі ақсақ теке орғып, бір-екі секірдіде,белден асып ғайып болды». Жеке жұмыс. 6-тапсырма. Мәтінге сүйеніп,байланысу сызықтарын жүргіз. таяқ сілтемжер шаршаған діңкесіқұрығанжақын залалы зияны Бағалау. БК бойынша бағалайды. Ойтолғау. Киіктің іс-әрекетіне көзқарасыңды білдір. | |
| Сабақтың соңы | Үй тапсырмасы. Мәтін мазмұны бойынша сурет салу. Қосымша: хрестоматиядан «Үш қыз» ертегісін түсініп оқу. Кері байланыс. Ауызша. | |
| Рефлексия | «Рефлексиялық шеңбер» Кері байланыс «Алмаағашы» әдісі Жасыл түсті алма – бүгін бәрін жақсы орындадым деп ойлаймын, менің көңіл күйім көтеріңкі. Сары түсті алма – ментапсырма- ны орындай алмадым, көңіл күйім жоқ. | |